

Қазақтың жері жырлы, нұр-мекен!

Ұлыларды ұрпағының ұлықтауы - өркениеттің айшықты белгісі. Ұлы, һәкім Абайды қалай ұлықтаса да сыйымды екені даусыз. Ол үлгіні бүгінгі жас һәм жасамыс қауым оны оқуымен, ғибраттарын тоқуымен танытып келеді. Ал, осынау ұлагаты заманнан заманға кетер Абайға Өскеменде ескерткіш орнатылса деген сынды көпшілік өй-пікірі көптен, 4-5 жылдан бері сөз болып келе жатқанын білеміз. Ондай дүние облыс орталығының орталық алаңдарында бой көтерсе, жақсылыққа жаны құмарлар, әсіресе,

жас қауым тәу етіп, мүдде-армандарына жол ашар еді. Абайдың жазбаған ғибраты, айтпай қалған өсиеті жоқ. Сондықтан оның көпшілікке таныла қоймаған өмір өткелдері, шығармалары жайлы жазу көптік етпес, тіпті қажет-ақ болар!

Бүгін біз қалың оқырманымызға һәкім Абайдың көп елге беймәлімдеу алғашқы кітабының жарыққа қалай шыққаны туралы дерек-мақала беріп отырмыз. Әлі де Абайдың өмірі, араласқан адамдары, бүгінде көзі тірі ұрпағы жайлы материалдар беруді мақсұт етудеміз.

• Мұра

АБАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ КІТАБЫ



Дайындаған
Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ.

(«Астана ақшамы»,
№ 40, 14-сәуір 2009 жыл).

Газетіміздің биылғы жыл-ашар санында «2009 жылы болатын айтулы оқиғалар» жайлы ескерткен едік. Соның бірі - «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты Абай атамыздың алғашқы жинағының жарық көруі болатын. Аталмыш жинаққа биыл 100 жыл толып отыр. Жинақ 1909 жылы Петербор қаласында Илияс Борганскийдің баспаханасынан басылып шыққан.

Жалпы Абай Құнанбайұғылының өмірі мен шығармалары жайлы мәліметтер ұлы ақын дүниеден өткеннен соң барып қолға алынған көрінеді. Бұл туралы абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметқанұлының 1991 жылдың 28-тамызында «Семей таңы» газетінде жарық көрген еңбегінен байқаймыз. 1905 жылы «Семипалатинский листок» басылымында, 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества» атты басылымында Абайдың дүниеден өткені жайлы «қазанама» (некролог) жарияланған екен. «Бұны істеген адам - Әлихан Бөкейханов» деп жазады Қайым аға.

Одан кейін 1908 жылы Орынборда шығып тұрған «Уақыт» дейтін татар газеті Абайдың

өмірі, ақындық өнері жайлы көлемді мақала басыпты.

Абайдың қазасынан (1904 жыл) кейін туыстары мен балалары ақынның мұрасын жинастырып, баспаға әзірлеуге кіріскен. Сөйтіп, Кәкітай мен Тұрағұл 1905 жылы жазға салым Абайдың өлеңдерін, қарасөздерін жинап, түгөндөйді. Тапқандарын Мүрсейіт Бікеұлының қолына беріп, өдемілеп, көшіртеді. Ескіше құсни-көркем жазудың хас шебері Мүрсейіт молда арнайы тігілген қоста отырып, бір айда жазып шығады.

Кәкітай мен Тұрағұлға ұлы ақынның қолжазбасын жинақтап, баспаға дайындауды тапсырған адам - Әлихан Бөкейханов. Әлекең 1915 жылы 18-қаңтар күні «Қазақ» газетіне жарияланған Кәкітайдың қазасы жайлы мақаласында: «...1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басыңдар деп, балаларына хат жаздым. 1905 жылы шілденің аяғында Кәкітай Абайдың қолжазбасын алып, Омбыдағы маған келді. Кәкітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтовтың сөздерін бірге оқып, мәз-мейрам болдық.

...1908 жылы Семейге келдім. Мен Семейде абақты борышымды өтеп жүргенде Шөкәрім,

Кәкітай, Тұрағұл келіп амандасты. Абақтыдан шыққан соң мені Омарбек, Кәкітай Қарқаралыға шығарып салды...» дейді.

Осы орайда, аталмыш кітаптың жарық көруіне және дайындалуына Шөкәрімнің де үлесі бар екенін дәлелдеп, жазып жүрген ғалым Асан Қайырбекұлының пікіріне құлақ түрсе:

- Ашығын айтқанда, Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін жинастыру ісіне Шөкәрім араласқан жоқ. Себебі, жасы үлкен ағаны мұндай істен жөн білетін інілері Кәкітай мен Тұрағұл өздері босатқан сияқты. Неге десеңіз, Кәкітай мен Тұрағұл - Абай ауылының бел балалары. Абайдың мұрасын түгөндөу ісі осы екі азаматқа қарасты ауыл тұрғындары арасында жүргізілді. Екіншіден, Шөкәрімнің қыстауы мен Абай ауылының арасы қашық-тұғын. Бірақ Абай мұрасын ретке келтіріп, бөлімге бөліп, баспаға әзірлеу ісіне Шөкәрім араласқан, - дейді.

Оған дәлел ретінде, әлі ғылыми айналымға түспеген маңызды дерек Мінөш Әрхамқызының 1995 жылы «Абай» журналында жарық көрген «Кәкітай» атты мақаласын көлденең тартады. Мақала Кәкітайдың әйелі Бибі әжейдің

естелігі негізінде жазылған.

Осындағы Бибі әжейдің естелігінде: төрт кісі (өзі және Тұрағұл, Шөкәрім, Кәкітай) Абайдың жылын береміз деп керек-жарақ алуға Семейге келдік депті. Ұлы ақын 1904 жылы 23-маусым күні қайтыс болғаны белгілі. Жылын келесі 1905 жылдың маусым айында береді. Сол себепті Шөкәрім мамыр айында жылдық беруден бір ай бұрын Семейге келуі шарт. Дәл осы кезде Әлихан Бөкейханов та Семейге жасырын келген. Тегі бәрі сез байласып кезіккен сияқты. Өйткені, Әлекеңнің жоғарыдағы «Қазақ» газетіне жазған мақаласында: «...5-мамырда саясат ісін кеңесуге мен Семейге бұғып бардым. Шөкәрім, Тұрағұл, Кәкітай әдейі қалаға келіп, мен Кәкітаймен пароходта бірге жүрдім» дейді.

Бұлар осы басқосуда Абайдың өлеңдерін талқылаған, жіктеп, жіліктеген. Бибі әжейдің естелігінде: «Бұл кісі кім?» деп сұрағанымда, оқыған ақылды адам, Абай ағаның өлеңдерін қараттық деген еді» дейді. Бұл арада шынында Шөкәрім қажының қатысқаны байқалып тұр.

«Әбден дайындалған қолжазбаны Семейге Кәкітай алып кетті» деп жазады Әрхам

ақсақал өзінің естелігінде. Сонымен қатар, жол шығынына арнап сатып, пұл қылу үшін екі семіз ат, екі семіз түйені бірге өкеткені айтылады.

Кәкітай осы сапарында Омбы қаласындағы Әлекеңе барған. Бұл туралы жоғарыдағы Әлиханның естелігінде толық айтылған. Омбыға Кәкітай соңғы нүктесі қойылған дайын қолжазбамен келген. Жинақта Абай өлеңдері 17 бөлікке топтастырылып, әрбір бөлікке жекелей тақырып («Халық туралы», «Өлең туралы», «Өзі туралы», «Ғашықтық туралы», «Ой туралы», т.б) беріліпті (А. Омаров, «Шөкәрім емірбаяны», қолжазба, 91-бет).

«Ақын шығармаларын бұлай жіктеу шартты түрде болса да, тақырыбына қарай топтап бастыру сол замандағы оқырман қауымға Абайдың ақындығын таныту жолын жеңілдету мақсатынан туған болатын» деп тұжырым жасапты ғалым Қайым Мұхаметқанұлы марқұм. («Абайдың ақын шәкірттері», Алматы, 1994 жыл, 11-12 б.).

Семейде кездесіп, бірер күн көңіл көтерген достар бірге суретке түседі. Бұл суретті көзі көрген Кәкітайдың немересі Мінөш апай былай деп жазады: «Сол суретте Бибі әжемнің бір

жағында беті боялған кісі, тағы бір жағында Кәкітай атам, сыртында Тұраш ағам, екінші жағында Кәкітайдың иығына қолын салып, Шөкәрім атам тұр еді» дейді. Ә. Бөкейхановты «халық жауы» деп жариялағандықтан сақтық жасап, бетін бояп тастаған көрінеді. Бір өттеген-айы, бұл сурет сақталмаған, аласапыран заманда жоғалып кеткен.

Қысқасы, Абайдың жинағын кітап қылып бастыру мақсатымен Омбыдан Қазан қаласына келген Кәкітай, ақыры қияндағы Петерборға бір-ақ барған. Әрине, жол шығынын ағайын-туғандар көтеріскен. Петерборға «200 сом қаражат жібердік» дейді Әрхам өзінің естелігінде.

Төрт жылға созылған шырғалаңнан кейін Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы 1909 жылы басылып шығады. Жинақтың басқы бетінде: «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі. Бастырған: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбайұғыландары. СПб. Восточная электротипография И. Бораганского, 1909» деп жазылған.